

«Бекітемін»

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы» МКҚК

басшысының м.а.

А. Мухамеджанова

«06» 23 2024 ж.

«ҮЛКЕН АС ҮЙДЕГІ КІШКЕНТАЙ АСПАЗДАР» - 2024 БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Байқауды ұйымдастырушылар:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.
2. «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС («Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасы)

1. Жалпы ереже

Байқаудың осы Ережесі байқауды ұйымдастырудың және өткізудің мақсаттары мен міндеттерін, тәртібін айқындайды және байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемшарттарын; жеңімпаздарды айқындау және марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: Балалардың тамақ дайындауға деген қызығушылығын арттыру, тамақ дайындау арқылы өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беру.

Міндеттері:

- балаларда тамақ дайындау дағдыларын қалыптастыру, оларды үй көмегіне қатысуға ынталандыру;
- балалар мен ата-аналарды бірлескен іс-әрекетке, аспаздық дәстүрлерді қолдауға шақыратын жағдайлар жасау.

3. Байқауға қатысушылар

«Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасын жүзеге асыратын педагогтер.

4. Байқауды өткізу шарттары

4.1. Байқау қорытынды шығаруды және нәтижені жариялауды қоса алғанда 2024 жылғы 01.03 – 30.04 аралығында өткізіледі. Педагогтер мектеп оқушыларының тамақ дайындау дағдыларын қалыптастыруға, үй көмегіне қатысуға деген ұмтылысты оятуға бағытталған сабақ өткізеді.

4.2. **01.03.24 ж. – 10.04.24 ж.** аралығында педагогтер www.prav-pit.kz сайтында орналастырылған цифрлық презентацияларды пайдалана отырып сабақтарды өткізеді (бірінші модуль). «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасының 18,19,20 нөмірлі сабақтарды қолдануға ұсынылады.

4.3. **2024 жылғы 01.03 – 15.04** аралығында педагогтер www.prav-pit.kz сайтына сабақ фотосуреттерін жүктейді.

4.4. Сайт модераторлары фотосуреттерді 1-қосымшада көрсетілген критерийлер бойынша бағалайды.

5. Жеңімпаздарды марапаттау

- Сайтта сабақтың кем дегенде екі фотосуретін жүктеген барлық қатысушылар сайттан сертификаттарын басып шығару мүмкіндігіне ие болады;

- сабақтардың фотосуреттерін ең көп жүктеп ұпай жинаған 5 педагог жеңімпаз дипломдарымен және сыйлықтармен марапатталады;

- сабақтардың фотосуреттерін ең көп жүктеп ұпай жинаған 10 педагог лауреат дипломдарымен және сыйлықтармен марапатталады.

6. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

Сабақтардың фотосуреттерінде «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасының цифрлық ресурстарын пайдаланатын белгілі бір сабақтың үзіндісі (18, 19, 20) көрсетілуі керек (педагогтің презентациясында оқушылармен жұмысы айқын көрінуі тиіс).

1-Қосымша

Сабақтардың фотосуреттерін бағалау критерийлері:

1. фотосурет кадрының өзіндік ерекшелігі – 5 баллға дейін;
2. фотосуреттің анықтығы – 3 ұпайға дейін;
3. фотосуреттің ақпараттылығы – сабақтың фотосуретте қандай аспектісі бейнеленгенінің түсініктілігі – 5 ұпайға дейін.